

ace

# aceline

*Пайдаланушы нұсқаулығы*

ine

**Электр плита  
Aceline CC-2000**

# Мазмұны

Сақтық шаралары.....	4
Құрылғының сұлбасы.....	5
Пайдалану нұсқаулығы.....	6
Маңызды ақпарат .....	6
Тазалау және күтім жасау .....	7
Маңызды проблемалар және оларды шешу жолдары.....	7
Техникалық сипаттамалар .....	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары .....	8
Қосымша ақпарат.....	9

## Құрметті сатып алушы!

«Aceline» сауда маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін Сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдалану жұмысын бастамас бұрын, Өзіңіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және бұйымды болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз

## Құрылғының арналуы

Электр плиткалары дайын өнімдер мен тағамдарды дайындауға, сондай-ақ жылытуға арналған.

## Сақтық шаралары

- Құрылғы коммерциялық мақсаттарға пайдалануға арналып жасалмаған.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз (номинал электр тогы кемінде 16 А болуы керек).
- Құрылғыны жылыту элементтерінің, газ плиталарының, электр пештерінің, т.б. жанына қоймаңыз.
- Құрылғыны тегіс тұрақты бетке орналастырыңыз. Электр плита мен қабырға немесе басқа нысандар арасындағы қашықтық кемінде 10 см болуы керек.
- Ауа шығарғыш тесікті басқа заттар жаппайтынына көз жеткізіңіз.
- Қолданып болған соң құрылғыны үнемі өшіріңіз.
- Құрылғыны өшірген кезде алдымен қуаттау түймесін басыңыз, содан кейін желіден ажыратыңыз.
- Тек түпнұсқалы керек-жарақтарын пайдаланыңыз.
- Қызып тұрған бетіне қолыңызды, киіміңізді, т.б. тигізбеңіз.
- Күйіп қалмау үшін бетінде метал заттарды, қақпақтарды, т.б. қалдырмаңыз. Бетін жаппаңыз.
- Құрылғы тұтанғыш заттарға жақын тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны пайдаланған кезде абай болу керек: бетінің кейбір жерлері жоғары температураға дейін ысады да, күйіп қалуыңыз мүмкін.
- Жұмыс істеп тұрған электр плитаның үстіне бос ыдысты қалдырмаңыз, бұл құрылғының және ыдыстың бүлінуіне әкелуі мүмкін.

- Өрт қаупіне жол бермеу үшін жылытылатын консервілердің қақпағын міндетті түрде ашу керек.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған.
- Бұл құрылғыны дәрігердің рұқсатынсыз кардиостимуляторлары бар адамдарға пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны ешқашан ағын судың астында қалдырмаңыз, оны толығымен суға батырмаңыз, бүкіл құрылғыны тазарту үшін ыдыс жуғыш машинаны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны оған зиян келтіруі мүмкін өткір заттардың, қырнауыш құралдардың және басқа да заттардың әсерінен қорғаңыз.
- Электр тоғынан жарақат алмау үшін құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектеп ашуға болмайды. Өкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.
- Жерге құлағаннан кейін, сондай-ақ аспаптың немесе электрмен қуаттау сымның көзге көрінетін зақымдануы болған кезде құрылғыны пайдалануға болмайды. Өкілетті сервистік орталыққа жүгініңіз.

## Құрылғының сұлбасы



1. Басқару панелі.
2. Конфорка.
3. Әйнек керамикалық жабын.
4. Құрылғының корпусы.

## Пайдалану нұсқаулығы

1. Қуаттау сымын розеткаға салыңыз. Қуаттау жарықтағыш индикаторы жанады.
2. Қуаттау батырмасын басыңыз, тиісті жарық индикаторы жыпылықтай бастайды.
3. Қуатын «+» және «-» түймелері арқылы баптаңыз.  
Қалыпты жағдайдағы қуаты: 2000 Вт.
4. Бұл құрылғыда таймер орнатылған. Бұл функцияны іске қосу үшін басқару панелінде «Таймер» түймесін басыңыз. Тиісті жарық индикаторы жанады, таймердің қалыпты уақыты – 15 минут.  
Алдын ала орнатылған бағдарламалар арасында ауыстыру үшін «Таймер» түймесін басыңыз: «30 минут», «60 минут», «90 минут» және «120 минут», тиісті жарық индикаторлары жанады. «Таймер» түймесін тағы бір рет басып («120 минут» түймесінен кейін), таймер режимінен шығуға болады. Жарық индикаторы сөнеді.
5. Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін қуаттау түймесін басыңыз. Құрылғы өшеді, бірақ плитаның беті суымағанын білдіретін жарық индикаторы жанып тұрады.  
Құрылғы өшкеннен кейін суыту жүйесі жұмысын жалғастырады. Құрылғыны пайдалану мерзімін ұзарту үшін оны желіден тек желдеткіші (суыту жүйесі) тоқтағаннан кейін ғана ажыратқан дұрыс. Құрылғының болжамды суу уақыты – 15 минут.

## Маңызды ақпарат

- Бұл құрылғыда қызып кетуден қорғаныс функциясы бар. Егер бетінің температурасы тым жоғары болса, құрылғы автоматты түрде шығыс қуатын азайтады. Бетінің температурасы бір қалыпты болған кезде құрылғы автоматты түрде таңдалған қуат режиміне оралады.  
Егер максималды жоғары температурадан асса, құрылғы автоматты түрде өшеді. Құрылғыны суытып, қайта қосыңыз.
- Бұл құрылғы автоматты өшу функциясымен жабдықталған.  
Берілген құрылғының жұмыс параметрлері ұзақ уақыт бойы өзгертілмеген болса, құрылғы автоматты түрде 120 минуттан кейін өшеді (тек 3, 4 және 5 режимдері үшін).
- Пайдаланылатын ыдыстың түбі тегіс және жалпақ болуы керек.

## Тазалау және күтім жасау

1. Құрылғыны өшіріңіз.
2. Құрылғы толығымен суығанына және желіден ағытылғанына көз жеткізіп алыңыз.
3. Құрылғының бетін сұланған жұмсақ шүберекпен немесе бейтарап тазарту құралымен тазартыңыз.
4. Су тартатын саңылауын арнайы қылшақпен немесе мақта таяқшаларымен шаңнан және ластан тазартыңыз.
5. Құрылғыны суға батыруға болмайды.

## Маңызды проблемалар және оларды шешу жолдары

Проблема	Ықтималды себебі	Шешімі
Қуаттау индикаторы жанбайды.	Құрылғы желіге тығыз қосылмаған.	Құрылғының желіге қосулы екенін тексеріңіз.
Құрылғының автоматты түрде өшуі.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қызып кетуден қорғаныс функциясы іске қосылған.</li><li>• Қосқаннан кейін 2 сағат бойы жұмыс істемей тұрған.</li></ul>	Плитаны қайта қосыңыз.

Жоғарыдағы проблеманы шешу бойынша ұсыныстар нәтиже әкелмес, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Құрылғыны өз беткіңізбен жөндемеңіз, бұл тегін кепілдік қызмет көрсету құқығынан айырады.

## Техникалық сипаттамалар

- Моделі: СС-2000.
- Қуат параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Тұтынатын қуаты: 2000 Вт.
- Максималды үздіксіз жұмыс уақыты; 120 мин.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары**

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндірушінің қаптамасында 5°C – 40°C аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіруінің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.



## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Чжуншань Винстар Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.  
Фуминь тас жолы 13, Наньтоу, Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С,  
Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,  
Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР "Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



## Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



